## САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Биология |
| **Мұғалім** | Бисенгалиева Әсел |
| **Мектеп, сынып** | Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, №2 ЖОББМ, 10-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Вирустар және фагтар |

BILIM Land

www.bilimland.kz

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сілтеме** | BILIM Land<br>http://bilimland.kz ,<br>10-сынып жалпы биология ( жаратылыстану-математикалық бағыты) оқулығы. | | |
| **Жалпы мақсаттар** | Оқушылардың вирустар мен бактериофагтардың құрылысы туралы білімдерін толықтыра отырып, вирус арқылы таралатын ауру түрлері туралы білімдерін қалыптастыру. | | |
| **Күтілетін нәтижесі** | Оқушылар тақырып мазмұнын топпен, жұппен, жеке талдаулар арқылы меңгеруге дағдыланады. Талдау, пікіралмасу арқылы сыни ойлау дағдылары қалыптасады. | | |
| **Сабақтың әдісі** | Топтық, жеке жұмыстар, диалог әдісі. | | |
| **Керекті құрал-жабдықтар** | Электрондық оқулық, слайдтар, “Биология және салауаттылық негізі”, “Биолог анықтамалығы” әдістемелік журналдары, МАН (Мұғалімге арналған нұсқаулық, ІІІ негізгі деңгей). | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Ресурстар** |
| **Кіріспе Ұйымдастыру** | **І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br><br>Оқушылармен амандасу. Сыныпта психологиялық ахуал қалыптастыру. Топқа бөлу. Түстер арқылы үш топқа (қызыл, жасыл, сары) бөлу. Топ басшысын сайлау.<br>**ІІ.Үй тапсырмасын** | 1.Оқушылар амандасады. Оқу құралдарын шығарып, сабаққа дайындалады. Бірдей түстер алған оқушылар бір үштікке топтасады.<br><br>- Оқушылар дәптерлеріне тапсырманы орындайды;<br>- Алмасып, жауап | Түстер (қызыл, жасыл, сары) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **тексеру.**<br>Тест тапсырмасы арқылы тексеріледі. | парағы бойынша бір-бірін тексереді;<br>- Бағалау парағына топпен ақылдасып, критерийлер бойынша бағалайды. | |
| **Негізгі бөлім**<br>**Жаңа сабақ** | **«Қызығушылығын ояту»** Оқушыларға бейнефильм көрсету арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады, өткен сабақпен байланыстырады.<br><br><br>*Мағынаны тани білу»* **Жигсо әдісі бойынша тапсырма:** Оқушылар жаңа тақырыпты оқып шығып, жұбымен пікір алмасып, топта талқылайды. | Оқушылар бейнефильмді көру арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайды.<br><br>Оқушылар жаңа тақырыпты оқып шығып, жұбымен пікір алмасып, топта талқылайды. | http://bilimland.kz/kk/content/lesson/11875-virustar_degenimiz_ne<br>**флипчарт, маркер** |
| Қорытынды | **Бекіту**<br>**1-тапсырма**<br>Екі жақты түсіндірме күнделігі» әдісі (Тақырыпта берілген термин сөздердің анықтамасын немесе мағынасын жазу).<br>**2-тапсырма**<br>Вирустардың ерекшеліктері басқа тірі ағзалардан олардың қандай айырмашылығы бар? Неге көптеген ғалымдар қазірге дейін вирустарды тірі ағзалар деп атауға келіспейді? | - Оқушылар дәптерлеріне тапсырманы орындайды;<br>Алмасып, жауап парағы бойынша бір-бірін тексереді;<br>- Бағалау парағына топпен ақылдасып, критерийлер бойынша бағалайды.<br><br>- Бүгінгі сабақ туралы рефлексия жазып, тақтаға іледі; | **http://bilimland.kz/kk/content/lesson/11875-virustar_degenimiz_ne** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | <br>**3-тапсырма**<br>Сандар сыры. (Тақырыпты пайдалана отырып, берілген сандардың не екенін жазу).<br>Оқушылардың тапсырмаларды орындауын қадағалайды;<br>- Сұрақты түсінбеген оқушыға түсіндіреді;<br>- Нұсқаларды жинап, жауап парағы бойынша дұрыс жауаптарын оқушыларға тексертеді.<br>Оқушыларға рефлексия жаздырады, үйге тапсыма береді, қорытынды бағаны айтады;<br>- Оқушылардың бағаларын журналға түсіреді;<br>- Қорытындылайды, қоштасады. | - Дәптерлеріне үй тапсырмасын жазады, қорытынды бағаларын шығарады;<br>- бағаларын күнделікке қойғызады, мұғаліммен қоштасады. | |